

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ: ҮКІМЕТ АЙТЫЛҒАН СЫННАН ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУҒА ТИІС

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ БЕЙНЕБАЙЛАНЫС РЕЖИМІНДЕ ӨТТІ. ІС-ШАРАҒА ПРЕМЬЕР-МИНИСТР ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ, МЕМЛЕКЕТТІК КЕҢЕСШІ ЕРЛАН ҚАРИН, ПРЕЗИДЕНТ ӘКІМШІЛІГІНІҢ БАСШЫЛЫҒЫ, ҮКІМЕТ МҮШЕЛЕРІ, ОБЛЫСТАРДЫҢ, НҰР-СҰЛТАН, АЛМАТЫ, ШЫМКЕНТ ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ӘКІМДЕРІ, ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯЛАРДЫҢ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСТЫ.



**Инфляция үдеп барады**  
Мемлекет басшысы еліміздің күрделі геосаяси сын-қатерлерге қарамастан, бірқалыпты дамып келе жатқанын атап өтті. Биылғы бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша экономика 3,4 пайызға, ал нақты сектор 4,1 пайызға өскен. Әсіресе өңдеу өнеркәсібі саласында айтарлықтай ілгерілеу бар.

«Дегенмен инфляция да бір орында тұрған жоқ, – деді Қ.Тоқаев өзінің сөзінде. – Қазір бұл көрсеткіш 14,5 пайызға жетіп, 2015 жылғы деңгейден асып түсті. Бірінші жартыжылдықта экономикамыз қалпына келді. Бірақ халықаралық институттар Қазақстанның ішкі жалпы өнімі биыл 2 пайызға ғана өседі деп болжап отыр. Бұған дейін олар өсім 3,7 пайыз болатынын айтқан еді. Сондықтан Үкімет ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге тиіс. Ең бастысы, азаматтардың нақты табысын арттыру қажет.

Жалпы, еліміздің экономикасы сын-қатерлерге төтеп беріп жатыр деуге болады. Қазір халықаралық институттар өлемдік экономика қарқыны бәсеңдейді деген болжам ай-

туда. Соған сөйкес инфляция жаппай өсуі мүмкін. Өңірлік дағдарыстың ұзаққа созылып бара жатқанын байқап отырмыз. Тіпті бұл ахуал жаһандық тоқырауға ұшыратады деген қауіп бар. Осындай жағдайда Үкіметтің және Ұлттық Банктің негізгі міндеті – инфляцияны тұрақтандырып, азаматтардың табысын арттыру болуға тиіс. Сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын ашу қажет.

Енді нақты міндеттерге тоқталайын. Бірінші – инфляцияны тұрақтандыру. Қазір инфляцияның шарықтап кетуі ең күрделі мәселе болып отыр. Бағаның өсуіне азық-түлік инфляциясы өсер етті. Оның деңгейі 19,2 пайызға жетті. Жалпы, азық-түлік бірден 80 пайызға қымбаттады. Үкіметтің бағаны тұрақтандыруға бағытталған шаралары тиімсіз болып шықты. Үкімет инфляцияны ескі әдіс-тәсілмен тоқтатқысы келеді. Оның өзінде бюджеттен қосымша қаражат бөліп, бағаны жасанды түрде ғана реттеп отыр. Яғни қымбатшылықтың себебімен емес, салдарымен күрес жүріп жатыр. Ал шын мәнінде, керісінше болуы керек».

Осы орайда Мемлекет басшысы

Үкіметтің бар жауапкершілікті өңірлерге артып қойғанын атап өтті. Яғни өкімшілік ресурсты пайдаланып, дүкендерді аралауға көшкен. Бағаның өсуімен күрестің басқа тәсілдерін қарастыру, жаңа идея енгізу жоқ екеніне тоқталды.

«Мұндай жұмыс ешқашан тиімді болған емес. Бір сөзбен айтқанда, нарық заңдылығына сай келетін жаңа ұстаным жоқ. Екі жылдан астам уақыт бұрын көтерме сауда орталығы желісі бар Ұлттық тауар тарау жүйесін іске қосу туралы тапсырма берген едім. Үкімет оның орындалуын ұзаққа созып жіберді. Жоспарлар мен мәлімдемелер қағаз жүзінде қалды. Мемлекеттік жеке-меншік өріптегістің схемасы бойынша ірі кәсіпкерлермен бірге көтерме сауда орталықтарын салу жобалары іске асырылмады. Үкіметке осы салада атқарылған жұмысты қазан айында баяндауды тапсырамын. Мүдделі инвесторларды тартыңыздар.

Келесі, қазіргі таңда өнімді экспорттауға тыйым салу туралы шешім тауар теңгерімін есепке алмай қабылданады. Бұл не тапшылыққа, не

қажетті тауарлар өндірісінің тартымдылығының төмендеуіне әкеледі. Осының салдарынан мұндай шаралардың тиімділігі күрт азаяды. Үкімет Негізгі тауарлар теңгерімін қабыптастыру ережесін бекітуге тиіс. Ең бастысы, мониторингтің бірыңғай ақпараттық жүйесін әзірлеуі керек. Бұл шешім қабылдау барысында өнім теңгерімі жөнінде сенімді деректерді пайдалануға мүмкіндік береді.

Тұрақтандыру қорлары қызметінің тиімділігі төмен. Олардың нарыққа әсері аз. Кейде олар теріс пайғалды адамдардың қалтасын кампайтады. Мұның шешімін табу керек. Бюджетті ұрлау фактілері жиі анықталады. Әкімдер мемлекет қаржысының жұмсалыуына бақылауды жоғалтқан. Үкімет қайналым схемасының көлемін 100 миллиард теңгеге дейін арттыруды ұсынып отыр. Сұрағым бар: күтілетін өсер есептелді ме? Сауда желілеріне емес, тікелей өндірушілерге несие беру қисындырақ болар еді. Қазір Үкіметтен өрекет күтпеймін. Тиімділік тұрғысынан түпкілікті шешім туралы ойлану керек», деді Мемлекет басшысы.

## ТАҒАҰЫНДАУ

Аудан әкімі А.Қазыбаевтың 2022 жылғы 31 мамырдағы № 177 өкімімен Мубаракوف Абат Каратауович ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің 2022 жылғы 24 мамырдағы № 02-08/810 келісім хаты негізінде «Ойыл аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Е-Р-1 санатындағы бөлім басшысы лауазымына тағайындалды.

**Өмірбаяны**  
Мубаракوف Абат Каратауович - 1978 жылы 27 шілдеде Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Кемер ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары, 2003 жылы Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті «Еңбек пәнінің және бизнес мұғалімі» мамандығын, 2020 жылы Қайнар Академиясының «Экономика және бизнес бакалавры» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2000-2002 жылдары аралығында Теректі орта мектебі, Ө.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебінде мұғалім қызметінен



бастап, 2002-2010 жылдары аралығында Теректі негізгі мектебі, Жамбыл орта мектебі, Құрман орта мектептерінде директор қызметтерін атқарған. 2010-2017 жылдары аралығында Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінің әкімі, 2017-2021 жылдары аралығында Саралжын ауылдық округінің әкімі қызметтерін атқарды.

Отбасылы, 3 бала тәрбиелеп отыр.

Аудан әкімі А.Қазыбаевтың 2022 жылғы 24 мамырдағы № 149 өкімімен Адилханов Болатбек конкурстық комиссияның оң қорытындысын алуына орай «Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Е-Р-1 санатындағы бөлім басшысы лауазымына тағайындалды.

**Өмірбаяны**  
Адилханов Болатбек - 1970 жылы 28 қазанда Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылында дүниеге келген.

Білімі жоғары, 1991 жылы Целиноград финанс-экономикалық техникумының «Мемлекеттік бюджет» мамандығын, 2004 жылы Алматы экономика және статистика академиясының «Қаржы және несие» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1991-1996 жылдары аралығында Ойыл аудандық салық инспекциясында аға инспектор, бас салық инспекторы қызметінен бастап, кейіннен 1996 жылдан 2012 жылға дейін Ойыл ауданы бойынша қазынашылық басқармасында бас



қазынашысы, құрылымдық өзгерістерге байланысты Ойыл аудандық қазынашылық бөлім, басқармасы басшысы қызметтерін атқарды.

2012 жылдың 31 тамызынан бастап Ойыл аудандық қаржы бөлімінің басшысы, 2022 жылғы 10 қантардан бастап мекемелердің қайтадан құрылуына байланысты «Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысының орынбасары қызметін атқарды. Отбасылы, 2 бала тәрбиелеп отыр.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, бас мұфти Н.Т.Өтпеновтың 2022 жылғы 31 мамырдағы №1121 бұйрығымен «Ақтөбе» медресе колледжінің 2022 жылғы түлегі Мұқашев Сұлтанбек Қанатбайұлы Республикалық Ислами діни бірлестігінің филиалы Ақтөбе облысы, Ойыл аудандық мешітіне найб имам болып тағайындалды.

**Өмірбаяны**  
Сұлтанбек Мұқашев - 1993 жылы 27 наурызда Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Амангелді ауылында дүниеге келген. 2000 – 2011 жылы Амангелді орта мектебінде жалпы орта білім алып, темамдарды. 2019-2022



жылдары Ақтөбе медресе колледжінің «Исламтану» мамандығы бойынша біліп алып, сотті аяқтаған.

## ҚАРАКЕМЕР, АҚШАТАУ БІРЛІГІ МОЛ АУЫЛДАР!

ӨТКЕН АПТАДА АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУ ІССАПАРЫ ҚАРАКЕМЕР, АҚШАТАУ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІНДЕ ЖАЛҒАСТЫ. АЙТА КЕТСЕК, ТҮРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУ ЖИЫНЫ БҮЛ ЖОЛЫ ЕРЕКШЕ ФОРМАТТА ӨТТІ. БҰРЫН АУДАН БАСШЫСЫ ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫСТАРДЫ ПАРАҚ-ПАРАҚ БАЯНДАМА АРҚЫЛЫ ХАБАРДАР ЕТСЕ, ҚАЗІР АУДАНДА АТҚАРЫЛҒАН АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР МЕН АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРДІҢ КҮН ТӨРТІБІНДЕГІ ТҮРҒАН МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША МАҒЛҰМАТТАРЫН КӨГІЛДІР ЭКРАН АРҚЫЛЫ НАҚТЫ, ӘРІ ТҮСІНІКТІ ЕТІП КӨРСЕТТІ. ӘР САЛА БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫСТАРДЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ МЕН АТҚАРЫЛУҒА ТИІС ЖОБАЛАР ЖАН-ЖАҚТЫ, ТЫП-ТЫЯНАҚТЫ ЖЕТКІЗІЛДІ.

Толығырақ тарқатсақ, Қаракемерде тұрғындардың тілегі балабақша. Одан кейін ауыз судың өлегі. Қазір қаракемерліктер ауыз суды жеткілікті деңгейде тұтынып отыр. Алайда, тұрғындар бұған дейін ауыз судың арапдік тоқтап қалатын кездерін жасырмады. Бұл мәселе бойынша аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы толыққанды жауап беріп, тиісті органдарға бірқатар тапсырмалар берді. Ал, Қаракемер ауылының тұрғындарын толғандырып отырған балабақша мәселесі бойынша, бала санын анықтау арқылы айтулы мәселенің шешімін шығару алдағы күндердің енісінде қалды.

Одан кейін аудан басшысының тұрғындармен кездесуі Ақшатауда жалғасты. Ақшатау ауыз бірлігі мықты ауыл. Сондықтан болар кезекті сауалдарын кезектесе жолдап, өкімнің сөзіне ден қойып, сан сауалдардың жауабын байыппен тыңдады.

Соның нәтижесінде елге қатысты ұсыныс-пікірлерін жеткізіп, ойларын еркін, ашық айтты. Мұндағы мәселе - Ақшатауда клуб керек. Алайда ауыл тұрғындары үкіметке алақан жайып отырған жоқ. Керісінше мемлекеттің атқарып отырған жұмыстарына дән риза. Себебі, ауылда ауыз су, жарық, ұялы байланыс сынды мәселер шешімін тапқанына қуанышты. Ауызбірліктің, елге, туған жерге деген ыстық патриоттық сезімнің арқасында ауылға клуб салу мәселесін демеушілік арқылы шешу жолдарын бастап кеткен. Қазір ауылдастардың демеушілігімен ауылдық клубтың қабырғасы қаланып тұр. Енді төбесін жауып, әрі қарай құрылыс жұмыстарын тұралатпауды ойластыруда.

Қаракемер мен Ақшатаудағы ең өзекті мәселе - мал азығын даярлайтын жер тапшы. Бұл ауыл аумағында жер жоқ дегендік емес. Шүбә шүбін жерлердің дені жағалай жеке шаруа

қожалықтарға беріліп қойған. Бұл мәселе бойынша тиісті мамандар проблеманың шешу шараларын қолға алып, қатар жатқан қос елді мекен мал азығымен толықтай қамтылатынын жеткізді.

Айта кетсек, Қаракемер мен Ақшатауда көптеген игі шаралар атқарылған. Село әкімі Сәндібек Дуелетқалиевтің жұмысына ауылдың үлкендері оң бағасын беріп отыр. Енді ата-лалы ауылдың халқы қомақты қаржыны қажет ететін жол, көгілдір отын сынды мәселелердің тезірек жүзеге асуын күтеді.

**Р.С. КЕЗДЕСУ СОҢЫНДА АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫН ЖЕКЕ САУАЛДАР БОЙЫНША ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ. ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУҒА БІРҚАТАР МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ ДА ҚАТЫСТЫ.**

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,  
Ойыл-Қаракемер-Ақшатау-Ойыл.

## АЛДА АТҚАРЫЛАР ІСТЕР АУҚЫМДЫ

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «ӘКІМДЕРДІҢ ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУЛЕРІН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ» ЖАРЛЫҒЫНА СӨЙКЕС ОСЫ ТОҚСАНДАҒЫ АУДАН ӘКІМІНІҢ ТҮРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУІ ӨТКЕН СӘРСЕНБІ КҮНІ ЕКПЕТАЛ ЕЛДІ МЕКЕНІНДЕ БАСТАЛДЫ.



Аудан әкімі Асқар Қазыбаев алдымен Ойыл ауданының І-ші жартыжылдығындағы өлеуметтік-экономикалық дамуына және алдағы атқарылатын жұмыстарға тоқталды. Екпетаал елді мекенінде алдыңғы жылы тұрғындардың талап-тілектері бойынша ауыл балаларына арналып, заманауи үлгідегі жасанды төсеністі шағын футбол алаңы салынды. Ал газдандыру, жолды жөндеу жұмыстары келер күннің енісінде. Сондай-ақ аудан басшысы ауылдағы жастарға жеке тұрғын үй салу ісін дамыту қажеттігін айтты.

Ал ауыл тұрғындары көгілдір отынның тезірек келуін сұрайды. Жаңабаз ауылдың тұрғындары бұрыннан көтеріп келе жатқан мәселе - Жаңабаз ауылымен арадағы бір жарым жылдық жолға электр шамдарын орнатып беруді сұрайды. Сондай-ақ, бұралқы иттердің қаптап кеткенін жеткізді. Оған жауап берген Ақтөбе облысының ветеринария басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ойыл аудандық ветстанциясы» МКК-ның директоры Серік Сармұқанов бұралқы иттерді ұстау-бағу, аулау туралы ережелерді

түсіндірді. Екпетаал елді мекенінің тұрғыны Нұрлан Бисембин ауылда құрылыс саласын жандандыруды ұсынды.

Ал, ауданда биыл көптеген ауқымды істер атқарылмақ. Аудан басшысы ауыларалық жолдар мен газ құбырын тарту сияқты ауқымды жұмыстар биыл да үлкен көлемде атқарылғалы отырғандығын мәлім етті. Ауданда мал өсімі байқалады. Кәсіпкерлік саласы өткен жылмен салыстырғанда 107,5% өсіп отыр. Сондай-ақ, мардымды жүзеге асқан межелі істерге шолу жасасақ, аудандық маңыздағы автокөлік жолдарын орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

«Ойыл-Қараөкіл 0-15, 15-30, 30-45, 60-75 км» автокөлік жолына орташа жөндеу жұмысына жобалау-сметалық құжаттары жасақталып, 590,968 млн теңге бөлініп, сараптамадан өткізілуде. Оған қоса аудандық маңыздағы Көптоғай, Шұбарши, Сарбие, Қайыңды ауылына кіре беріс, автокөлік жолына орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жобалау сметалық құжаттары жасақталып, қаражаты бөлінді.

Ауылшілік автомобиль жолдарын орташа жөндеуге аудан бойынша биыл 11 көшеге барлығы 412 млн. тг бөлініп отыр.

Тұрғын үй құрылысы бойынша атқарылып жатқан шараларға көңіл тояды. Құрылыс жұмыстары бойынша коммунальдық тұрғын үйлердің абаттандыру инженерлік желілерінің құрылысын жүргізу үшін аудандық бюджеттен 13 млн теңге, сонымен қатар 8 екі пәтерлі 156,2 млн, 6 бір пәтерлі коммунальдық жалдамалы тұрғын үй салуға 68,5 млн теңге бөлінген. Таза ауыз су бойынша биыл Қарасу, Шұбарши ауылдарына орталықтан-дырылған ауыз су құбыры жүргізіледі. Газбен қамту 2022 жылғы жоба бойынша Аманкелді, Көптоғай, Екпетаал, Қаракемер, Ақшатау, Шикұдық, Кемер, Ақкемер елді мекендеріне газ құбырына жобалық-сметалық құжаттары дайындалып, сараптамадан өткізілуде.

**Р.С. ТҮРҒЫНДАР ТАРАПЫНАН ҚОЙЫЛҒАН САУАЛДАРҒА ТОЛЫҚ ЖАУАП БЕРІЛГЕН СОҢ, АУДАН ӘКІМІ МЕН МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ АЗАМАТТАРҒА ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ.**

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,  
Ойыл-Екпетаал-Ойыл.





Мемлекет басшысы энергетикалық қауіпсіздікті қалыптастыру мәселесіне тоқталды. Отандық мұнай және зауыттарында жүргізілген жаңғырту жұмыстарына қарамастан жыл сайын елімізде мұнай өнімдерінің тапшылығы туындайды. Қ.Тоқаев олардың қызметіне тексеру жүргізілгенін атап өтті. Мысалы 2020-2021 жылдары бұл зауыттардың жұмысы 410 рет жоспардан тыс тоқтатылған. Атырау мұнай өндіру зауытында – 372 рет, Павлодар зауытында – 14 рет және Шымкент зауытында 24 рет жұмысын тоқтатқан.

Мұнай өндіудің қолданыстағы схемасы тиімсіз, делдалдар табысты негізгі үлесін иеленіп кетті.



## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ: ҮКІМЕТ АЙТЫЛҒАН СЫННАН ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУҒА ТИІС

Ал зауыттар жеткіліксіз қаржыландырылды. Осылайша, аралас схемаға көшу туралы шешім қабылданды. Бұл схема мұнай өнімдерінің маркетингін мұнай өңдеуші компаниялар мен зауыттардың өздеріне жүргізуін көздейді. Сол арқылы табыстарын арттырып, өндірісті жаңғыртып, еңбекакыны көтеруге мүмкіндік берілді.

Ұлттық компаниялардың тиімділігі – өлі де өзекті мәселе. Ұлттық және квазимемлекеттік компанияларда өкімшілік шығыстар көлемді мөлшерде сақталған. Бұл – «Самұрық-Қазына» басшылығының кемшілігі. Тындырылған жұмыс көп, тындырылмағаны одан да көп. Қордың қалыпты жұмыс істеуі үшін базалық тиістілік нормативтерін қайта қарау қажет. Оның қызметін қайта құру өлі де өзекті.

«Самұрық-Қазына» тиімді операциялық орта құрып, ұтымды корпоративтік басқарудың орнына бұрынғысына портфельдік компаниялардың операциялық және сатып алу қызметіне, кадр саясатына тікелей араласып отыр. Мұндайда қандай корпоративтік басқару мен IPO туралы айтуға болады? Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне Үкіметпен, «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, квазимемлекеттік секторды одан өрі реформалау жөнінде нақты ұсыныстар дайындауды тапсырамын, деді Қ.Тоқаев.

Президент күзде елде дизель отынының тапшылығы туындауы мүмкін екенін жеткізді. Яғни 100 мың тонна дизель жетіспеуі ықтимал. Бұл жағдай жыл сайын егін жинау науқаны кезінде қайталанып келеді. Мемлекет басшысы Үкіметтің үжніне, яғни транзиттік көліктер мен көрші елдердің іргелес аймақтарындағы тұрғындардың жанармайды тасып өкетуіне сенім білдірмеді.

Мәселе одан тереңде жатыр – отандық мұнай өнімдерін іргедегі өлдерге өкетуіді жылдар бойы өбден жолға қойылған схемасы бар, деді мәселеге байланысты сөзінде Президент. Қаржылық мониторинг агенттігіне осы мәселенің анық-қанығын тексеру керек. Маған бұл мәселемен кім айналысып отырғаны туралы нақты ақпарат ұсыныңыздар. Осыдан кейін түбегейлі шешім шығарамыз.

Үкімет пен Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне шекара периметрі бойынша транзиттік көліктерге мұнай өнімдерінің сараланған бағасын өзірлеуді тапсырамын. Бұл көрші елдермен баға теңсіздігін төмендетіп, өзіміздің азаматтарға арналған бағаға есеп етерміз.

Қазақстанның экономикалық және өлеуметтік өл-ауқатында газ саласы маңызды рөл атқарады. Жаңа өнеркәсіп объектілерін енгізу және елді газбен қамту есебінен ішкі нарықта газ тұтыну жыл сайын артып келеді. Кейінгі 10 жылда ішкі нарықта газ тұтыну көлемі екі еседен астам – 9 миллиардтан 19 миллиард текше метрге дейін өсті. Елімізде келесі жылдың өзінде газ тапшылығы болатыны туралы болжам бар.

Бұл ретте, газды экспорттық нарықтан ішкі нарыққа қайта бағдарлау – валюталық түсімнің жоғалуына және сауда теңгерімінің нашарлауына әкелетін мәжбүрлі қадам екенін түсіну керек. Сондықтан аталған проблеманы шешу үшін ресурстық базаны ұлғайтып, газды қайта өңдеу шараларын жолға қою қажет. Газ өндіру мен өңдеуді ұлғайта отырып қана мемлекет экспорттан пайда тауып, ішкі қажеттіліктерді толық көлемде қамтамасыз ете алады. Сол себепті газ өндіру жөніндегі жаңа жобалардың фискалдық преференцияларын пысықтаған жөн. Сондай-ақ Үкімет ұлттық компаниялар арасында функцияларды нақты бөлуге тиіс.

Мемлекет басшысы сұйытылған газдың бөлшек саудадағы бағасын реттеуі мерзімі осы жылдың соңына дейін ұзартылғанын жеткізді. Алайда болашақта бағаны жасауды жолмен ұстап тұру тапшылыққа әкелуі мүмкін. Бұл – нарық заңы. Сондықтан Үкімет баға ауытқуларына жол бермей, сауда-саттықты бастау шараларын қабылдауы керек.

Өздеріңізге мәлім, маусымда энергия тарифтерін көтеруге жарияланған мараторий мерзімі аяқталды. Құрал-жабдық тозуының артуы мен жылыту маусымына дайындықты ескере отырып, тарифтерін өсіруге тура келеді. Бұл мәселеге ақылмен қарап, бағаның күрт көтерілуіне жол бермей, компаниялардың асыра пайда табуына жол бермеу қажет.

Халықтың өлеуметтік аз қамтылған тобына қолдау көрсету өте маңызды. Үкімет өлеуметтік қолдауды проактивті форматына көшуі, оны барынша атаулы жасауы тиіс. Отбасының өлеуметтік қартасын көңілге қонымды жасап, шынайы іске асыру өте маңызды. Жобаның бастапқы

тұжырымдамасы оны өзірлеуге бірнеше ведомствоның қатысуына байланысты сан мәрте өзгеріске ұшыраған болатын. Үкіметке жылдың соңына дейін Отбасының цифрлық картасын іске қосуды және «Өлеуметтік әмиянды» енгізуді тапсырамын.

Энергия қуатының тапшылығын да естен шығаруға болмайды. Энергия теңгерімі жоспарына сәйкес, осы жылы бір гигаваттан артық қуатты пайдалануға беруге тиіс едік. Бірақ бірқатар жобаны жүзеге асыру кейінге қалдырылды. Биыл жоспарланған қуаттың тек 31 пайызы ғана іске қосылды (347 МВт). Энергия тапшылығы жағдайында мұндай қарқын көңіл көншітпейді. Үкімет мұны түсінеді деп үміттенемін.

Елдің бірыңғай энергия жүйесінің Оңтүстік және Батыс аймақтарының электр желісін күшейту жеткіліксіз қарқынмен жүріп жатыр. Қазіргі уақытта Батыс аймақтағы жұмыстар тек 10 пайызға ғана аяқталған. Жобаларды дер кезінде жүзеге асыру үшін барлық іс-шараны қабылдау қажет. Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігі соған байланысты, деді Президент.

**Ақордаға апаратын жол құрақ көрпе секілді**

Мемлекет басшысы автожол инфрақұрылымын дамыту мәселесі төңірегінде де ой қозғады. Биыл 11 мың шақырымнан астам жолға әртүрлі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Бұған 600 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінеді. Президент жөндеу жұмыстарын созба-лаңға салуға болмайтынын атап өтті. Жобаларды жүзеге асыру барысын қатаң бақылауға алу қажет. Жолдың сапасына айрықша назар аудару керек.

Еліміздің жолдары нашар екені мәселе одан тереңде жатыр. Жолдың сапасына қажетті материалдың бөрі бар. Бірақ отандық өндірістің өлеуеті толық қолданылмайды. Мұны, тіпті, қолдан жасалған тапшылық деуге болады. Мысалы, елімізде битум өндіретін үш зауыт бар. Соған қарамастан, 200 мың тонна битум жетіспейді. Құрылыс қарқынды жүрген кезде оның бағасы үш есе (яғни бір тоннасы 90 мыңнан 250 мың теңгеге дейін) қымбаттайды. Үкіметке жол құрылысына қажетті ресурстарды өндіру және тұтыну барысын мұқият саралауды тапсырамын. Соның негізінде құрылыс материалдарын шығаратын жаңа кәсіпорындар ашу қажет. Ал жұмыс істеп тұрған нысандарды жаңғырту керек.

Президент айтқан тағы бір өзекті мәселе – мемлекеттік сатып алу конкурсын өткізу. Мәселен, 2019 жылдан бері автожол саласында құны 1,5 трлн теңге болатын мемлекеттік келісімшарттар жасалды. Соның 40 пайызын шетелдіктердің қатысы бар компаниялар ұтып алған. Қ.Тоқаев шетелдік серіктестерге қолдау көрсетілетінін, оларға нарық өрдайым ашық болатынын жеткізді. Бірақ отандық компанияларымыз белсенде қатыспайды. Осыған байланысты Үкіметке жергілікті кәсіпорындар үшін бәсекелі орта қалыптастыруды тапсырды.

Мәселен, кейбір ірі компанияның еңбек және материалдық ресурстары жеткіліксіз. Соған қарамастан, олар теңдерді ұтып алып, жұмысты мердігерге ысыра салады. Осындай ахуал жылда қайталанады. Тіпті жұмыстың 100 пайызы басқа мердігерге тапсырылғаны жөнінде мәліметтер бар. Мысалы, Қарағанды-Балқаш автожолын (363 шақырым) жөндеу жұмыстары 2019 жылдан бері жалғасып келеді. Бұл жобаның жалпы құны – 248 миллиард теңге. Бас мердігері осы жұмысты басқа компанияға тапсырды. Ал бұл компания барлық жұмысты қосалқы мердігерге берген. Тіпті 22 пайызы көлемінде үстеме ақсысын да ұстап қалған. Тағы бір өзекті мәселе – жол бойында заманауи қызмет көрсету ісін

ретке келтіру. Қазір елімізде осындай 1600 нысан бар. Оның 68 пайызы ғана ұлттық стандартқа сай келеді. Транзит тұрғысынан өте маңызды Түркістан, Қарағанды және Маңғыстау облыстарындағы жағдай өте нашар.

Келесі мәселе – автожол саласына қатысты. Бұл салаға түбегейлі реформа жасайтын уақыт жетті. Қазір еліміздегі жолдың жай-күйін қадағалап, қызмет көрсететін екі негізгі оператор бар. Тұрасын айтсақ, екеуі де бір жұмысты атқарып отыр, жұмысшыларының саны да қажетті шамадан артық. Соған қарамастан, азаматтардан келіп жатқан орынды арыз-шағымдар азыар емес, ал жолдың сапасы мүлде сын көтермейді. Үкіметке «ҚазАвтоЖол» және «Қазахавтодорды» біріктіріп, Қазақстанның біртұтас автожол компаниясын құруды тапсырамын. Нәтижесінде қызметкерлердің саны да қысқарады.

Жалпы, бұл саланы кешенді түрде қайта жаңғырту керек. FIDIC халықаралық қағидаттарын енгізген жөн. Оны жүзден астам ел пайдаланып отыр. Бұл жүйе жол саласын тиімді басқаруға, бюджет қаражатын ұтымды пайдаланып, барлық деңгейдегі жемқорлық қаупін азайтуға мүмкіндік бермек. Мұндай жүйеге көбі қарсы болады. Бұл жерде министрдің және тиісті вице-премьердің нық ұстанымы қажет. Тұтастай алғанда, осы мәселе бойынша арнайы комиссия құру керек. Оған Үкімет мүшелерін, Президент Әкімшілігі, құқық қорғау органдарының өкілдерін, депутаттарды қосқан жөн. Жарты жыл ішінде барлық кемшілікті, соның ішінде жемқорлықты және олқылықтарды түзетуге бағытталған ұсыныстарды өзірлеп, маған баяндау қажет.

Бұл комиссия елдегі жол құрылысы саласында бұған дейін, кемінде 10 жылда, жіберілген бүкіл кемшілікті мұқият зерттеуге тиіс. Жолдарды сапасыз болуына кінәлілердің бәрін заңға сәйкес жауапқа тарту керек.

Жалпы, Үкіметтің жұмысына орташа деген баға беруге болады. Үкімет табандылық танытуға тырысуда. Бірақ қазіргі кезеңде босансуға болмайды. Жұмыс қарқынын барынша күшейту қажет. Жаңа, тың өдістерілерді қолдану керек. Үкімет жедел өрекет ететін оперативтік штаб қана емес, нақты реформаларды ұсынатын және жүргізетін басты мемлекеттік мекеме болуы керек. Экономистер, кәсіпкерлер көп. Шет елмен білімді, дарынды. Бірақ олардың нақты ұсыныстары аз, тіпті, жоқ деп айтуға болады. Күзге қарай, мүмкін, кадрлық шешімдер қабылдау керек болады. Ерекше дағдарыс жағдайында бұл өте қажет екені түсінікті, деді Қ.Тоқаев.

**Ішкі жалпы өнім көлемі өсті**
Сондай-ақ жиын барысында Премьер-Министр Әлихан Смайылов пен Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматов баяндама жасап, елдегі ахуал туралы өңімелеп берді.

Үкімет басшысының айтуынша, биылғы қаңтар-маусымда ішкі жалпы өнімнің өсуі 3,4 пайызды құраған. Тауар өндірітін 4,1 пайызға, қызмет көрсету саласы 2,1 пайызға артқан. Өңдеу өнеркәсібінде, құрылыс, сауда мен көлік салаларында қарқынды өсім байқалады.

Биылғы қаңтар-мамыр айларының қорытындысы бойынша сыртқы сауда тауар айналымы 41 пайызға өсіп, 51 млрд долларды құрады. Экспорт 59 пайызға, оның ішінде өңделген тауарлар экспорты 35 пайызға көбейді. Жалпы, оң сауда балансы 2,6 есеге артып, 17,1 млрд долларды құрады, деді Ә.Смайылов.

Ұлттық Банк төрағасы Ф.Пірматов қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша қабылданған шараларға тоқталды. Мәселен, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету және теңгедегі активтерді сақтау үшін Теңгедегі салымдарды қорғау бағдарламасы қабылданған.

Ұлттық қор мен зейнетақы активтерінің ұзақ мерзімді кезеңдегі кірістілігі оң күйінде қалып отыр. Биылғы жылғы сәуірден бастап Үкіметпен бірлескен жұмыс аясында Қазақстан мемлекеттік бағалы қағаздары FTSE Frontier EM Government Bond индексіне енгізілді. JP Morgan дамушы нарықтардың мемлекеттік бағалы қағаздарының индексіне енгізу үшін елдің мемлекеттік бағалы қағаздарын «жіті бақылауға» алды. Ұлттық банк 1 шілдеден бастап Лездік төлемдер жүйесін және Төлем карточкаларының банкаралық жүйесін өнеркәсіпті пайдалануға қосты. Пайдасы мен шығыстарына бағалай отырып, цифрлық теңгені енгізу туралы шешім қабылдау моделі өзірленді, - деді Ф.Пірматов.

**Абай ОТАР.**  
«Егемен Қазақстан».

#### ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР САЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ҰСЫНУДЫ ҰМЫТПАҒЫЗ!

**2022 жылғы 15 тамыздан кешіктірмей мына салық есептіліктерін табыс ету қажет.**

**Салық есептіліктері:**

- 200.00 нысаны - Жеке табыс салығы және өлеуметтік салық бойынша декларация 2022 жылдың 2 тоқсанына;
- 300.00 нысаны - Қосылған құн салығы бойынша декларация декларация 2022 жылдың 2 тоқсанына;
- 400.00 нысаны - Ақциз бойынша декларация+ Құрылымдық бөлімше немесе салық салуға байланысты объектілер үшін ақциз салық есебі 421.00 нысаны 2022 жылдың шілде айына;

- 590.00 нысаны - Пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша декларация 2022 жылдың 2 тоқсанына;
- 870.00 нысаны - Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы бойынша салық декларация 2022 жылдың 2 тоқсанына.
-910.00 нысаны - Шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларация 2022 жылдың 1 жарты жылдығына.

#### ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТКІ КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ

# ҚҰТЫРМА АУРУЫ

Құтырма – адамға құтырған жануарлардан жұғатын вирустық ауру. Ауру қоздырғышы денеге еніп, өсіп өнеді. Ауру таратушылар – барлық жылы қанды жануарлар: ет қоректі аңдар (қасқыр, түлкі және т.б.), үй жануарларынан (ит, мысық, сиыр және т.б.) тарайды. Вирус адамдарға құтырған жануардың тістегеннен немесе сілекейленген кезінде жұғады.Адамды кез келген жануар қауіп, тістеп немесе сілекейлеп, тырнап алған жағдайда тез арада жергілікті жердегі дәрігерге көрінуі қажет. Тіпті сырттай дені сау жануар тістеп немесе тырнап алған жағдайда да дәрігерге қаралу керек. Адамдарды тістеп алған ит, мысық және тағы басқа жануарларды емдейтін (ветеринарлық) мекемеге жеткізіп, 10 күн

**ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫ**

# МАЙМЫЛ ШЕШЕГІ



Бүгінгі күнге дүние жүзілік денсаулық ұйымының ақпаратына сәйкес (ДДҰ) жыл басынан бері 50 елде маймыл шешегін жұқтырудың зертханасыз ету және теңгедегі активтерді сақтау үшін Теңгедегі салымдарды қорғау бағдарламасы қабылданған.

Ұлттық қор мен зейнетақы активтерінің ұзақ мерзімді кезеңдегі кірістілігі оң күйінде қалып отыр. Биылғы жылғы сәуірден бастап Үкіметпен бірлескен жұмыс аясында Қазақстан мемлекеттік бағалы қағаздары FTSE Frontier EM Government Bond индексіне енгізілді. JP Morgan дамушы нарықтардың мемлекеттік бағалы қағаздарының индексіне енгізу үшін елдің мемлекеттік бағалы қағаздарын «жіті бақылауға» алды. Ұлттық банк 1 шілдеден бастап Лездік төлемдер жүйесін және Төлем карточкаларының банкаралық жүйесін өнеркәсіпті пайдалануға қосты. Пайдасы мен шығыстарына бағалай отырып, цифрлық теңгені енгізу туралы шешім қабылдау моделі өзірленді, - деді Ф.Пірматов.

**Инфекция кезі:**
Маймыл шешегі ауруының негізгі көзі адамға жабайы жануарлар прилоттар және кеміргіштерден (тиндер) жұғады. Инфекция ауруы жануардың қанымен немесе оның бөлшегінен жұғып, сонымен бірге ауру жануардың етін жегенде жұғады.

**Берілу жолдары:**

**ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫ**

# ХАБАРЛАНДЫРУ

«TabysOperating» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес, 2022 жылғы 13 қыркүйекте, сағат 11.00-де Ойыл ауданы, Көптоғай ауылы, Достық көшесі 9, (өкімдік ғимараты) мекен-жайында хабарлайды.

Ашық жиналыс нысанындағы қоғамдық тыңдаулар 2022-2024 жылдарға арналған Тамдықөл кен орны объектілерінен қоршаған ортаға ластаушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасы бойынша өтеді.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында https:// esportal.kz танысуға болады. Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ https:// esportal.kz қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс

күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда өлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

<https://us04web.zoom.us/j/288003arwBvMkTRGnCHW0nH9>

Идентификатор конференци: 253 810 1026 Код доступа: 0ShUiIn

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: Ақтау к, 13 ша, №55 қ, №302 қ. және 87292203223, 87718270876 телефондары бойынша алуға болады/

# ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «TabysOperating», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, сообщает, что в 11 час 00 мин. 13 сентября 2022 года , по адресу Уилский район с Коптогай, ул. Достык 9, (здание акимата). Общественные слушания, в форме открытого собрания, состоятся по проекту нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в окружающую среду от объектов месторождения Тамдыколь, на 2022-2024 годы.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале https:// esportal.kz .

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином

экологическом портале https:// esportal.kz .

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. <https://us04web.zoom.us/j/288003arwBvMkTRGnCHW0nH9>

Идентификатор конференци: 253 810 1026 Код доступа: 0ShUiIn

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Дополнительную информацию можно получить по адресу: г.Ақтау, 13 мкр, здание №55, офис №302 и по телефону: 87292203223, 87718270876.

бұзылып, сандырақтауы мүмкін. Құтырманың асқынуы кетпеуінің өзіндік жолы да бар, ол — уақытылы антирабикалық вакцинына егу.
**Мына кеңестерді білу қажет:**
- Жануардан зақымданған жағдайда, жедел түрде ауруханаға (травмпункт) барып, антирабикалық көмек алу қажет.

-Жарақатты тез арада сабынды көп мөлшердегі сумен жуу қажет. Белгілі жануар тістеп алған жағдайда ветеринарға бұл жануарды тексерту қажет.

**- Сонымен қатар белгісіз егеуқұйрықтар тістеп алған жағдайларда да дәрігер көмегіне жүгіну қажет.**

Өзіңізді күтіңіз және аман болыңыздар!

**ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫ**

# МАЙМЫЛ ШЕШЕГІ



ұсынымдар

Демалыс маусымының, жаппай жиналыстардың, фестивальдердің (оның ішінде Еуропа өңіріне) басталуына байланысты мына кеңестер ұсынылады:

1. Маймыл шешегінің өршуі тіркелген Батыс Африка елдеріне бармау.

2. Шет елдерге шыққан кезде жабайы жануарлармен (приматтармен, кеміргіштермен) байланыс жасамау, стихиялық және көше саудасы орындарында тамақ ішпеу, тамақа тек термиялық өңделген етті пайдалану, жеке бас гигиенасын сақтау (қашықтықты, маскандары, феэқуралдарды) пайдалану, қол және тыныс алу ағзаларының гигиенасын сақтау.

3. Егер сапардан келгеннен кейін 3-апта ішінде ауырсынуды, температураны, бөртпені сезіңсеңіз, міндетті түрде шет елде болғаныңыз туралы хабарлап, тез арада жақын жердегі медициналық мекемеге хабарласыңыз.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында маймыл шешегі ауруына күдікті жағдай тіркелген жоқ. Жағдай Денсаулық сақтау министрлігінің тұрақты бақылауында.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1375 таба. Тапсырыс № 959
Келемі 1 баспа табақ, индекс 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.**
**Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.**
**Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**



# АЗАМАТТЫҢ БЕЛЕСІ



«Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады. Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» дейді ақылдың апогейі Абай Құнанбаев. Нарық заманының нардай талабы төбеден төніп тұрған бүгінгідей алмағайып заманда адамзаттың рухани шөлін басатын бір-ақ құдірет бар. Ол – сөздің киесімен бірге мәңгілік жасай беретін өткеннің өшпес өнегесі. Себебі ондағы орынды ойтылған ой-тұжырымның барлығы өмірден алынған сабақ.

Қазақтың мұңын айтып, жоғын жоқтайтын, елі үшін өміреніп, өзіндегі барды ескелен ұрпаққа дарытуды ойлайтын, жалынды жастарына ақыл қосып, тек соларды қолдайтын алаштың нар тұлғалы азаматтары жоқ емес. Солардың бірі және бірегейі арамыздағы бүгінгі аудан басшысы Асқар Қайырғалиұлымен арамыздағы осындай достықтың жалғасын тапқанына да талай жылдардың жүзі болыпты.

Асқармен достығымыз да өткен ғасырдың сексенінші жылдардың ортасында «Ойыл» совхозында басталған еді. Екеуіміз бір ауылда туып, бірге өскен жоқпыз. Екеуіміздің жолдастығымыз, достығымыз еңбек жолымызбен басталды. Сол уақыттан бері бір-бірімізбен өте жақын, жақсы қарым-қатынаста сыйласып келеміз.

Ол Алматы зоотехникалық-мал дөрігерлік институтын бітіріп келді. Екеуіміз ер күнді бірге атырып, тыным таппастан шаруашылыққа еңбек еттік. Жасынан жүктелген міндетке үлкен жауапкершілікпен қарайтын Асқар көп кешікпей «Жекеңді» совхозының бас мал дөрігері болып кетті. Алпысыншы жылдардың

ұрпағы ол – бір кісідей ауылдың мекенатын көріп өсті. Жасынан ауылдың бүкіл шаруасымен шыныққан жігіт қоғамдық жұмыстың да бел ортасында жүрді. Сол қасиеті оған сол уақыттағы аудан басшыларының назарын аударды. 1988 жылы өзінің түлеген ауылына – Ш.Берсиев атындағы совхоздың комсомол комитетінің босатылған хатшысы болып тағайындалды. Замандастарымен жұмыста рухани күш алып, ұлттық мұра құндылықтарымызды, салт-дәстүрімізді, өдет-ғұрпымызды насихаттап, жастардың бүгінгі мен ертеңі үшін талай түн ұйқысын төрт бөліп жүрді. Асқардың сол тынымсыз жүрісі аудан басшыларының тағы да назарына ілікті. Аудан басшылары қандай жұмыс болса да, оны тындырдымыз, тиянақты атқаратынын оның осы қасиетін байқаған болу керек, 1994 жылы Қаратал селолық округінің өкімі етіп тағайындалды. Бұл қызметінде де абыройлы болған Асқар көп кешікпей аудан орталығына аудан өкімінің орынбасары қызметіне ауысты. «Жас келсе – іске» деген емес пе, жастығына, аудан басындағы тәжірибесінің аздығына қарамастан өзіннің білім-білігіне, ағаларының ақыл-кеңесі мен тәжірибесіне сүйене отырып, бұл жұмысты да деңгелетіп өкетті. Арасында ауданның бірнеше мекемесін басқарды. Өмірдің сан алуан соқпақтарын көрген Асқар қымық кезеңдерде аудан өкімінің орынбасары қызметіне қайта тағайындалды.

Адамгершілігі өте зор, парасат пайымы биік, үлкен жүректі, білікті де білімді, іскер басшының тындырымызды жұмысына көз жеткізген облыс басшылығы оны осыдан үш жыл бұрын ауданның өкімі етіп тағайындады.

Жан-жағына жүрек жылуын тарта жүретін, өз кәсібінен берекет тауып, кішіге — аға, үлкенге — іні бола білген Асқардай абзал азамат бүгінде алпыс жасқа толып отыр. Ағайын-туыстардың өтініш-тілектерін орындап, алғысын алып, көпке сыйлы болып жүретін ол достыққа адал, үлкенге құрметті, кішіге ізетті. Жұбайы Айгүлмен екеуі үл мен қыз өсіріп отыр. Ал, ұрпағы ер жетіп, елің үшін аянбай тер төксе, ата мен анаға одан асқан бақыт бар ма, сіре?!

Осындай белеске жеткен азаматтың еңбегі де ескерусіз қалған жоқ. Бірнеше мерекелік медалдармен марапатталып, талай алғысқа бөленді.

Андрей СИСЕНГАЛИЕВ, Ойыл селосы.

## ЛАГЕРЬ ОҚУШЫЛАРЫ ОЙЫЛ ТАРИХІМЕН ТАНЫСТЫ



«Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығының ұйымдастыруымен, балалар жылы аясында балалардың жазғы демалысын тиімді пайдалану мақсатында «Көкжар-Бөйтерек» туристік базасындағы жазғы демалыс лагеріне келген Байғанин ауданының 6-9 сынып оқушылары Ойыл өңірінің тарихымен танысты. Алдымен Ш.Берсиев атындағы өнер және өлке тарихы музейінде тарихи терең өлкеміздің табиғаты, өнері, тарихы, мәдениеті жайлы сыр шертетін 6 көрме залын аралап, тарихи жәдігерлер мен танысты. Музейдің экскурсия жүргізушісі Медет Құлмұқанов құнды экспонаттар мен музей тарихынан толық мәліметтер көрсетіп, кеңінен мағұлмат берді. Әрі қарай Ақ тарихының атасы Шығанақ Берсиевке арналған «Өз заманының жарқын мотиваторы» атты тарихи-танымдық шыра өтті. Аудандық музейдің ғылыми қызметкері Дулат Мисабаев

«Ойылдың ақ тарысын» дүниеге танытқан, өлем рекордшысы Шығанақ Берсиев туралы арнайы жасалған слайд арқылы түсіндіріп, балалық шағынан бастап, өмір жолын таныстырып өтті. Сонымен қатар мекемелер арасындағы байланысты дамыту аясында аудандық аурухананың салауатты өмір салтын қалыптастыру маманы Айгүл Майлыбаева қатысып, оқушыларға «Салауатты ұлт-мемлекеттің табысты болашағы» тақырыбында шара өткізді. Танымдық шарада оқушыларымыздың салауатты өмір салты жайлы білімдерін тереңдету, адам денсаулығының қымбаттылығын, денсаулықтың негізі қимыл, спорт, дұрыс тамақтану, таза ауада жүру жөнінде түсінік берді. Танымдық шарадан соң оқушылар ауданның тарихи орындары мен «Көкжар жермеңкесі» қатарларын аралап, тарихымен танысты.

Г.АБАЙҚЫЗЫ.



## ЕКПЕТАЛДЫҚТАРДЫҢ ҚУАНЫШЫ ЕСЕЛЕНГЕН КҮН



Бүгінде жастардың спортпен айналысуына барша жағдай жасалып, ізгілікті істер қолға алынууда. Жалпы ауданда бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде атқарылып келеді. Айта кету керек, соңғы жылдары мемлекеттік қаражат есебінен, іскер азаматтардың да ұйытқы болуымен ауылдық жерлерде спорттық нысандар бой көтеріп, халық игілігіне берілуде. Соның бірі Екпетаал елді мекенінде заманауи үлгіде салынған шағын футбол алаңы. Футбол алаңына жергілікті бюджеттен 7 миллион теңге бөлініп, екі аптаның ішінде бой көтерді.

Жасанды төсенішпен жасақталған шағын футбол алаңының құрылысын жеке кәсіпкер «Уразгулова» жүргізген. 7 миллион теңгеге салынған жаңа алаңның ұзындығы 36 метр, ені 16 метр. Ауылға сән беріп тұрған шағын спорт алаңына футбол қақпа-

сы, волейбол, баскетбол торлары қойылған.

Өткен жұма шағын футбол алаңы салтанатты түрде ашылды. Ашылу салтанатына қатысқан аудан өкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев екпетаалдықтарды қуаныштарымен құттықтап, ауданда футболды дамыту мәселесіне көп көңіл бөлініп келетінін жеткізіп, соның нәтижесінде жас футболшылар республикалық турнирлерде аудан намысын абыроймен қорғап жүргенін атап айтты. Әрі қарай сөз алған ауыл тұрғыны, спорт саласының ардагері Нұрлан Бисенбин тұрғындар атынан ыстық ықыласын жеткізіп, ақ батасын берді. Елге тарту етілген спорт алаңын жақсы күйде ұстау ауылдықтардың міндеті екенін жеткізді.

Салтанатты шара соңы шағын футболдан ауыл жастарының жолдастық турниріне ұласты.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА, Ойыл-Екпетаал-Ойыл.

## АЙБЕК ТАЛАЙДЫҢ АЛДЫН ОРАДЫ

Жуырда Петропавл қаласында мемлекеттік қызметшілер арасында дәстүрлі республикалық спартакиада ойындары өтті. Республикалық спартакиада ойындарына Ақтөбе облысының намысын қорғауға жергілікті атқарушы және орталық атқарушы органдарының аумақтық бөлімшелерінен 43 мемлекеттік қызметші іріктеліп, спорттың 7 түрі волейбол, шағын футбол, үстел теннисі, жүзу, бильярд, тоғысқұмалақ және қазақ күресі бойынша сынға түсті.

Шаршы тақтада ақыл-ойдың тереңдігі мен сананың сергектігін дәлелдеген Қарай ауылдық округінің өкімі Айбек Сұлтанов III орын иегері атанды.

P.S. Ал, АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРАМАСЫ ЖАЛПЫ КОМАНДАЛЫҚ ЕСЕПТЕ ЕКІНШІ ОРЫНҒАН ИЕ БОЛДЫ.



## АУЫЛ КӨРКІ

### ТАЗАЛЫҒЫНАН КӨРІНЕДІ!

ОЙЫЛ СЕЛОСЫ АУДАННЫҢ АЙНАСЫ ДЕСЕК АРТЫҚ АЙТҚАНЫҚ ЕМЕС. ЖЫЛ САЙЫН АЖАРЫНА АЖАР ҚОСЫП, КӨРКЕЙІП, ГҮЛДЕНЕ ТҮСКЕНІ КӨНІЛГЕ ҚУАНЫШ ҰЯЛАТАДЫ. АЛАЙДА, АРА-ТҰРА ЖАНЫМЫЗ ЖАБЫРҚАУ ТАРТАТЫН ЖАЙТТАР ДА КЕЗДЕСІП ҚАЛАДЫ. СЕЛОЛЫҚ ОКРУГ ЖАНЫНДАҒЫ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ КҮШІМЕН АУДАН ОРТАЛЫҒЫНА КҮН САЙЫН ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛЕДІ. СОНЫМЕН ҚАТАР, ТҰРҒЫНДАРДЫҢ КЕШКІ МЕЗГІЛДЕ СЕРУЕНДЕУІ, ДЕМАЛУЫ ҮШІН АРНАЙЫ АШЫҚ АЛАҒАНДАР ЖАСАЛЫП, ТАЛДАР, ГҮЛДЕР ЕГІЛДІ. ЕНДІ БАСТЫ МӘСЕЛЕ - ОНЫ КҮТІП-БАПТАУ ЕМЕС, БЕЙСЕУБЕТ МАЛДАН ҚОРЫП, БАҒУ БОЛЫП ТҰР.



Адам жанының тазалығы тәнінің тазалығынан бастау алатыны секілді көшеміз көрікті болса, көңіліміз де көркем болмай ма?

Көктем шыға ауыл маңын ретке келтіріп, айналаны таза ұстау – ықылым заманнан келе жатқан халықтық үрдісіміз. Дегенмен, кейбіреулер өлі де болса ауласының ішкі жинақшылығымен шектеліп, төңірегтегі тазалыққа да жауапты екенін сезіне бермейді.

Тазалық жеке бастан бастау алады. Мәселен, көшенің көркі мен келбетіне аса назар аудару өте маңызды. Жауапкершілік жүгін тиісті мекемелерге артып, тазалық ережелерін сақтамау – жеке адам мәдениетсіздігінің көрінісі. Өз денсаулығымыз түрлі ойланып, кейінгі ұрпағымыздың болашағына үшін ортақ меншік көшенің келбетіне де немқұрайлы қарамайық!

Жалпы тазалықты өркім өз отбасынан, табалдырығынан бастағанымызды. Көшеміз жасыл желекке оранып тұрса, келіміз-кетіміз кісілердің жүректеріміз деген құрметті арта түспей ме? Алайда, қаншама адамның мандай тері сіңген талдар мен гүлдер бір мезетте бос жүрген малдың аузында кетіп, еңбектің бәрін еш

кылып жатыр. Сонда біздің азаматтарымыздың тұрған жеріне, туған еліне деген сүйспеншілігі мен жанышыллығы қайда – деп ойлайсың?

Село өкімдігі аудан орталығының жасыл желекке бөленіп, көшелердің мұнтаздай таза болу үшін барынша жұмыс жасап келеді. Және де бұл жыл бойы атқарылады. Алайда, күннен-күнге көлемі үлкейіп, тұрғындар саны артып жатқан Ойылдың тазалығын қамтамасыз ету бір ғана өкімдіктің ат төбеліндегі жұмысшыларының қолынан келмейді. Осындайда не істемек керек? Яғни, төртіпке бағынып, талапты орындамағандарға «түсіндірудің» соңғы жолы айыппұл салу. Осыған дейінгі ескертулерге құлақ аспағандар қалтасын салмақ түскенде «шыр» ете қалды. Өйткені, селолық өкімдіктің жұмысшылары күндіз-түні «қаңғыған» сиырларды қуудан мезі болды. Сиырларын кешкісін алдынан күтіп алмайтын, түн ортасы ауғанда іздемейтіндер енді санын соғып отыр. Сондықтан, көшенің көркіне үлес қосу үшін малды күтуде қосып, күтіп алу мал иесінің міндеті!

Сәндібек ДӘУЛЕТҚАЛИЕВ, Ойыл селолық округінің өкімі.

### Құттықтау

Қаратал ауылының тұрғыны  
Құрметті Гүлхан Болатқызы!

Жаны жайсаң мейірімді жан өсем,  
Құтты болсын туған күніңіз кеп жеткен.  
Отыз жеті жасыңыз құтты болсын,  
Үйіңізді мүшел жасыңыз күлімдеткен.  
Ортаңызға сыйлы, еңбекте абыройлы  
қалпыңызда әлі де талай жылдар қатар  
қызмет етіңіз!

Құттықтаушылар:  
Берсиев модельді ауылдық  
кітапханасы, Ащы-Ойыл ауылдық  
кітапханасы, Берсиев ауылдық  
клубы ұжымы.

## ЕСЕПШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН СЕМИНАР

ӨТКЕН АПТА АУДАНЫМЫЗГА АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАРЫСЫНДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН-АЛУ МАҚСАТЫНДА ІС САПАРМЕН КЕЛДІ. АУДАНЫҚ ӨКІМДІКТІҢ МӘЖІЛІС ЗАЛЫНДА АУДАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ЕСЕПШІЛЕРІМЕН КЕЗДЕСІП, СЕМИНАР ӨТКІЗДІ.



Семинарға төрағалық еткен аудан өкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев қатынасушыларға қандайда бір сұрақтар болса, еркін қоюларына ұсыныс жасады.

Ақтөбе облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің Камералдық бақылау бөлімінің басшысы Дәурен Алматов мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру барысында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу және оның алдын алу мақсатында ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларына түсіндіріп өтсе. Ақтөбе облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің Қызметті қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы Қарығаш Өтеуова жиі кездесетін өкімшілік құқық бұзушылықтарға тоқталды.

Сонымен қатар, Департаментпен жүргізілетін аудиторлық тексерулер нәтижесінде нықталған жиі кездесетін бұзушылықтар бойынша да сөз қозғалды. Бұған қоса, тапсырыс берушілердің келісімшарттың орындалмауы немесе тиісті түрде қорындауы анықталған жағдайда өлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінеуі- сыбайлас жемқорлықтың бірден-бірі көрінісі болып табылатыны ескертілді. Сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы заңнама бұзылған жағдайда, лауазымында тұлғаларға қатысты жауапкершілік түсіндіріліп, басқа да Департаменттің күзиреті шегінде қойылған сауалдарға жауап берілді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

## МАЛ ҰРЛАҒАНДАР ҚАТАҢ ЖАЗАЛАНАДЫ!

Қазіргі таңда мал бағу оңай шаруа емес, соның ішінде малды баптап күтіп ұстау және мал азығын дайындап жинау. Қазіргі кезде малдарда анықталып жатқан көптеген ауру-сырқаулардың алдын-алуға малды баққан шаруадан қажырлы еңбекпен материалдық шығындар шығып жатады.

Осындай қажырлы еңбекпен, төзімділікпен және материалдық қаржы жұмсаумен баптап бағып отырған малдарды ұрлап кету жолымен бір күнде айырылып қалу жайттарының орын алуы мал иесіне ауыр тиері анық.

Осы аталған малдың ұрлану себептері кей жерлерде малдың қадағалап бағусыз жүру салдарынан орын алып жатқандығын естіп, көріп жүрміз. Осы орайда мал ұрлығын азайту мақсатында заң талаптарына өзгерістер енгізіліп, тағайындалатын жаза күшейтілді.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне мал ұрлығы бойынша арнайы 188-1 бап енгізілді. Мал ұрлау, яғни бөтеннің малын жасырын жымқыру фактілері орын алған жағдайда мүлкі төркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салу не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына тарту, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу, не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы белгіленген. Оның ішінде алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған әрекеттер және ірі мөлшерде жасалған мал ұрлау фактілері бойынша мүлкі төркіленіп, үш

жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Тұрғын үй-жайдың, кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің, мал қораның, қашаның немесе өзге де қойманың ауласына кірумен жасалған мал ұрлау фактілері бойынша мүлкі төркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Сонымен қатар қылмыстық топ жасаған аса ірі мөлшерде жасалған мал ұрлау орын алған жағдайда мүлкі төркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Мал иесінің малын көптеген жылдар бойы еңбектеніп баптап ұстап енді көдеге жаратам ба деп отырған сөзінде малының ұрланып, еңбегінің еш кетуі пайда табу жолымен ұрлаған адамға жақсылық әкелмесі анық. Себебі еңбекпен бағылған мал бір отбасының күн көрісі және азығы болып саналады.

Қазақ халқының қанында мал өсіру ежелден қалыптасқан және құт берекесін төрт түлік малдан тауып отырған халық. Осы орайдағы Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексіне арнайы мал ұрлығы туралы баптың енгізіліп, тағайындалатын жазаның күшейтілуі, мал ұрлығын азайтып, шаруаның еңбегін еш кетіріп, малын жасырын түрде қолды етіп жүргендерге сабақ болары анық.

Сәуле ТАНИМОВА, Ойыл аудандық сотының төрағасы.

